# Су добынан 2004 жылғы XXVIII Олимпиада ойындарына ерлер мен әйелдер командаларының арасында іріктеу турнирін және AASF Азия Жүзу Федерациясы бюросының мәжілісін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 9 қыркүйектегі N 209-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің және Азия Жүзу Қауымдастығы Бюросының 2003 жылғы 19-25 қыркүйекте Алматы қаласында су добынан 2004 жылғы Афиныдағы XXVIII Олимпиада ойындарына ерлер мен әйелдер командаларының арасында іріктеу турнирін (бұдан әрі - іріктеу турнирі) және AASF Азия Жүзу Федерациясы бюросының мәжілісін (бұдан әрі - AASF-тың мәжілісі) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған іріктеу турнирі мен AASF-тың мәжілісіне дайындық пен оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Су спорты түрлерінің федерациясымен бірлесіп, іріктеу турниріне дайындық пен оны Алматы қаласының Орталық жүзу бассейнінде және AASF-тың мәжілісін "Hyatt Reqency Almaty Рахат Палас" мейманханасында өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын, қатысушылар мен ресми адамдар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін, іріктеу турниріне және AASF-тың мәжілісіне қатысушы шетелдік азаматтардың Алматы қаласының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі іріктеу турнирі мен AASF-тың мәжілісіне дайындық пен оның өткізілу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі іріктеу турнирі мен AASF-тың мәжілісіне қатысушыларды жол жүру билеттерімен броньдау ұйымдастыруда жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі ұсынатын тізім бойынша Іріктеу турнирі мен AASF-тың мәжілісіне қатысушылар мен ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 9 қыркүйектегі
N 209 өкімімен
бекітілген

## Іріктеу турнирі және AASF мәжілісіне дайындық пен оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Тұрлыханов Дәулет Болатұлы - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға

Храпунов Виктор Вячеславович - Алматы қаласының әкімі, орынбасар

Никитинский Евгений Сергеевич - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары, орынбасар

Әбенов Сұлтан Мұрашұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі

Волков Алексей Юрьевич - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі

Досжан Ардақ Дүкенбайұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім вице-министрі

Досымбетов Тимур Камалұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық Комитетінің президенті

Евдошенко Иван Михайлович - Қазақстан Республикасы Су спорты түрлері федерациясының бас хатшысы (келісім бойынша)

Крюков Андрей Александрович - "Орталық жүзу бассейні" ЖАҚ-тың директоры (келісім бойынша)

Крюков Александр Андреевич - Қазақстан Республикасы Су спорты түрлері федерациясының вице-президенті (келісім бойынша)

Лавриненко Юрий Иванович - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі

Нуров - "Қазспортқамтамасызету"
Наиль Фаридович АAҚ басқармасының төрағасы
(келісім бойынша)

Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі
Иван Иванович істер вице-министрі

Срджан Милекович - "Hyatt Reqency Almaty Рахат Палас" мейманханасының бас менеджері
(келісім бойынша)

Төкеев - Қазақстан Республикасының Туризм
Серік Адамұлы және спорт жөніндегі агенттігі Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясының басшысы

Шорманова - "Отырар" ҚК ЖАҚ-тың директоры
Назигүл Жақыпқызы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК